



ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Авторлық құқықтың пайдаланылуы
(эксплуатациялануы) және
қолданылуы



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім
Дәріс: Авторлық құқықтың пайдаланылуы (эксплуатациялануы) және қолданылуы
Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

6-дәрісте өзіміз көргеніміздей, авторлық құқықтар туралы заң авторлық құқықтардың бірінші иесіне туындыны пайдалануға айрықша құқықтар береді. Бұл құқықтар әртүрлі жолдармен қолданыла алады. Құқықтар авторлық құқықтар иелеріне түпнұсқа туындылардың да және олардың көшірмелерінің де сатылуын бақылауға рұқсат беретіні анық. Туындының көшірмелерін сәйкесінше бағаға сата отырып, авторлық құқықтардың иелері, туындыны шығаруға кететін шығындарды жабуға жеткілікті сыйақы алатынына кепілдік бере алады.

Егер авторлық құқықтар туралы заң авторға тек туындыны пайдалану құқығын ғана берсе, онда оның экономикалық тұрғыдан пайдалылығы шектелер еді. Өз туындыларын өзі жариялаудың өсуіне және туындылардың сатылу құнының төмендеуіне қарамастан (әсіресе Интернетте), бәрібір де, салыстырмалы түрде, өз туындыларын басу және сатуға деген қаржылық жағдай, экономикалық еп немесе ықпалас авторлардың азғантай бөлігінде ғана бар. Сондықтан, заң, авторлық құқықты, түрлі тәсілдермен, әсіресе маңыздысы, құқықтарды басқаға беру немесе лицензия алу арқылы пайдаланыла алатын жеке меншік формасы ретінде қарастырады.

Авторлық құқықпен қорғалатын материалдық емес мүліктің тағы бір ерекшелігі, оны бір уақытта бірнеше адам бірден қолдана алады. Мысалы, дыбыс жазбасы бір уақытта бірнеше көпшілік орындарында ойнатыла алады (мысалы, сыраханаларда, дүкендерде және клубтарда). Туындылардың осындай мәнерде пайдаланылуы өсіп келе жатқандықтан, пайдалану барысындағы лицензия алудың рөлі бұрынғысынан да маңызды бола түсуде. Кейбір жағдайларда, авторлық құқықтардың иесі тұтынушының туындыны қолдануын тікелей лицензиялауға мүмкіндігі болады (мысалы, DVD-дегі бағдарламамен қамтамасыз етуді сату кезінде, бағдарламаны орнату үшін қажетті материалды емес көшірмелерді жасауға деген лицензияның қоса сатылуы). Өзге жағдайларда, құқық иесі мен тұтынушының арасындағы қарым-қатынас агенттік немесе қауымдастық арқылы басқару жүйелері қызметтері арқылы жүзеге асады.

Бұл тарауда, біз, авторлық құқықтың пайдаланылу немес трансферлену жолдарын қарастырамыз. Пайдаланудың ең маңызды деген формаларын, атап айтқанда құқықтарды басқаға беру мен лицензиялауды зерделегеннен кейін, біз ипотека, банкроттық немесе өлім жағдайында авторлық құқықтарды беру жайларын қарастырамыз. Өз кезегінде, құқықтар мәжбүрлі лицензия арқылы пайдаланылуы мүмкін жағдайларды да зерттейміз. Сонымен қатар, біз, техникалық қорғау іс-шараларына негізделген туындыларды пайдалану әдістерін қысқаша қарастырып өтеміз. Аталған әдістер цифрлық ортада күннен күнге маңыздылығын арттырып келеді. (Олар туралы 13-тарауда егжей-тегжейлі айтылған).

Осы аталған талқылауларымызды бастамас бұрын, құқықтарды басқаға беру, лицензия немесе авторлық құқықтарға қатысты өзге де транзакция түрлері, тек, болжанған цедент транзакцияға еруге мүмкіндігі болған кезде ғана күшіне енетінін айтып өту маңызды. Демек, транзакцияға қатысушы тұлға құқықтардың иесі екендігіне немесе құқықтар иесінің сәйкесінше өкілі екендігіне көз жеткізу маңызды. Бұған қатысты, егер біріккен меншік иелері болған жағдайда олардың барлығының кез-келген келісімшартқа келісімін беретіндіктері анықталу керек екендігін атап өту қажет. Өздері туындыгер болатын, кәсіптік жасқа толмағандар жүзеге асыратын транзакцияларға байланысты ерекше қиындықтар туындауы мүмкін.

Құқықты басқаға беру - бұл авторлық құқық иелігін трансферлеу дегенді білдіреді. Құқықты басқаға беру нәтижесінде цессионарий (яғни құқықты қабылдаушы) цеденттің (яғни құқықты берушінің) орнын алып, авторлық құқықтарды өз қалауынша басқара алады.

Авторлық құқықтардың барлығын бірдей беру міндеттелмейді. Құқықтарды бөлу әдістерін шектеу арқылы құқықтарды беруді оңайлату тенденциясы бар, меншіктің өзге типтерінен айырмашылығы, авторлық құқық туралы заң қандай құқықтардың берілетінін жөнінде либералды бағытты ұстанады. Атап айтқанда, авторлық құқық туралы заң кей құқықтардың ғана басқаға берілуіне, «уақытқа, аумақтарға және жүргізілу класстарына» сүйене отырып рұқсат етеді.

Құқықты басқаға беру мойындалуы үшін, ол жазбаша формада болуы керек және цедент оған қол қоюы тиіс немесе цеденттің заңды өкілі қол қоюы тиіс. Счет-фактура немесе түбіртектер жазбаша құжаттар ретінде жеткілікті делінеді. Құқықты басқаға беру құжатында туындының атауы, ол анықтала алатындай, барынша айқын көрсетілуі тиіс, дегенмен, соттар анықтау процесіне көмек ретінде ауызша («құжатталмаған») дәлелдерді де қабылдайды.

Егер құқықты басқаға беру ауызша жасалса, заң бойынша бұл нәтижелі болмайды. Дегенмен, жалпы алалықсыз ереже бойынша, мүддені басқаға беру туралы ауызша келісімшартты құқықтарды заңдық түрде беру түрі ретінде мойындамағанымен, әдетте бұл авторлық құқықтарды беру жағдайларында қолданылады. Егер онда құнды деп танылатын пайымдар болса, мұндай ауызша келісімшарттардың күші жойылмайды.

Авторлық құқықтардың әлеуетті иесі (әдетте автор) болашақ авторлық құқықтарды да басқаға бере



алады, яғни келісімшарт жасалып жатқан кезде әлі де дүниеге келмеген туындыларға деген авторлық құқықтарды басқаға бере алады.

Авторлық құқықтарға (немесе оны құрастырушы құқықтарына) деген меншік құқықтарын трансферлеу әдетте келісімшарт арқылы реттелгенімен, фильм өндірісіндегі келісімдерге қатысты маңызды ережелен тыс жағдайлар бар. Егер автор мен фильм продюсері арасында фильм өндірісі туралы келісімшарт жасалса, онда автор прокат құқығын фильм продюсеріне берді деп есептеледі.

Авторлық құқықтар иесіне берілетін өкілеттіктер, әдетте көбінесе, авторлық құқықтар иесінің белгілі бір тұлғаларға нақты әрекет түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін лицензиялар беруге қолданылады. Лицензияның базалық мағынасы - авторлық құқық иесінің келісімінсіз жүзеге асыруға тиым салынатын әрекеттерді жүзеге асыруға берілетін рұқсат дегенді білдіреді.

Құқықтарды беруге (мұнда цедент авторлық құқықтағы барлық мүдделерден бас тартады) қарама-қарсы, лицензиар мұнда авторлық құқықтағы мүддесін сақтап қалады.

Лицензияның көптеген формалары бар, мысалы бір реттік рұқсат беру мен эксклюзивті лицензиялар. Лицензиялар географиялық, уақыт және авторлық құқықтарды пайдаланудың нақты бір тәсілдері сипаттарына қарай шектелген болуы мүмкін. Лицензия, тіпті ол айрықша болмаса да (егер тараптар солай қаласа), лицензиатқа, егер құқықбұзушылық әрекет лицензиатқа лицензия арқылы рұқсат етілген әрекетке тікелей қатысты болса, құқықбұзушыларға қарсы шағымдану құқығын бере алады.

Лицензиялардың түрлі формаларының ішіндегі ең маңыздысы «айрықша лицензия» сынды. Айрықша лицензия дегеніміз - авторлық құқықтар иесі лицензиатқа авторлық құқықпен қорғалған туындыны пайдалануға рұқсат беретін келісімшарт. Сонымен қатар, авторлық құқықтар иесі басқа лицензияларды бермеуге және туындыны дербес пайдаланбауға уәде береді.

Қарапайым лицензиат лицензияда көрсетілген әрекеттерге қатысты құқықбұзушылыққа шағымдану құқығына ие болса, айрықша лицензия лицензиатқа авторлық құқық иесімен баламалы дәрежедегі процедуралық статус береді.

Көбінесе, тәжірибе жүзінде, айрықша лицензия құқықтардан бас тартуға балама ретінде қарастырыла алады. Бұның нәтижелерінің бірі, айрықша лицензиатқа қолжетімді құқықтық қорғаныстар, авторлық құқық иесіне қарсы сенімді бұзу әрекетіне байланысты пайда болатын қорғаныстармен ғана шектеледі.

Кейбір жағдайларда авторлық құқықтардың иесі өз авторлық құқықтарын берді ме, әлде айрықша лицензия берді ме дегенді анықтау қиындық туындатуы мүмкін. Тұлға эксклюзивті лицензиат немесе цессионарий ме екендігіне қарамастан, бар мәселе келісімшарттық құрылымның қабылданған ережелеріне сай келісімшарт жасауда.

Осы уақытқа дейін, баспагер компания сынды туындыны пайдаланушыға автордың айрықша лицензия беруі барынша кең таралған тәжірибе болғанымен, жиырмасыншы ғасырдың аяғынан бастап, туындыны дистрибуциялаудың «ашық қолжетімді ету» жолдары кеңінен тарала бастады, яғни бұл - қоғамның кез-келген мүшелерінің туындыларды белгілі бір жағдайда қайта пайдаланулары үшін берілетін стандартталған лицензиялар. Мұндай лицензиялардың кең таралған «Жалпы Қоғамдық Лицензиялар» (ЖҚЛ) деп аталған түрі компьютерлік бағдарламаларға қатысты әзірленді.

Авторлық құқықтарды дәстүрлі жолдармен пайдалануды қолдайтындар, жаңадан шыға бастаған авторлардың аталған лицензияларды ойланбай қолдану қаупі бар екенін де айтады. Жас та, аңқау авторлардың қарапайым көрінетін Creative Commons лицензияларын қолдануы - аталған лицензиялардың олардың мүдделерін барынша жақсы қорғай алатыны күмәнді. Егер туындылары танымал болса, одан пайданы қалай табатыны туралы нақты түсініктері барлар ғана, атакты жазушылар мен композиторларға дәстүрлі сыйақыны қамтамасыз ететін механизмнен бас тартуына болады. Бұл көзқарас тұрғысынан алғанда, Creative Commons лицензиялары авторлық құқықтардан сыйақы күтпейтіндерге (немесе мүлде қажет етпейтіндерге) пайдалы құрал.

Creative Commons лицензияларының британ ғалымдарының арасында кең таралған болуы, шын мәнінде, оны Біріккен Корольдік Зерттеу Кеңесінің (БКЗК) міндеттеуімен де байланысты сынайлы. БКЗК 2013 саясаты бойынша, Кеңес қаржыландыратын зерттеу нәтижелері CC BY лицензиялары аясында жариялануы тиіс делінеді, ол бойынша туынды жұмыстар жасауға және коммерциялық мақсатта пайдалануға ашық рұқсат етіледі.

Белгілі бір жағдайларда, соғ, авторлық құқықпен қорғалған туындының пайдаланылуын ұйғарынды лицензияға сәйкес қарастыруы мүмкін. Алайда, соттар жағдайға байланысты ұйғарынды лицензия бар деген шешім шығаруды ұнатпайды. Олардың анықтауынша, ұйғарынды шарттардың келісімшарт ретінде қарастырылуы тек екі жағдайда ғана мүмкін: шарттар «зандық» тұрғыда ұйғарылуы мүмкін, яғни олар



«келісімшарттың табиғатына сәйкес белгілі болып» тұрғанда; және келісімшартта «бизнес тиімділігін» қамтамасыз ету қажеттігі туралы сөз болғанда, қалдырылып кеткен шарттардың орнын толтыру мақсатында.

Заңда ұйғарылған шарттарға келсек, сот, ең алдымен, келісімшарт нақты қандай классқа сай келетінін анықтайды. Алайда, бұл, экспресс-шарттар маңызды емес дегенді білдірмейді. Бұл, тараптардың белгілі бір нақты класс келісімшартының әдеттегі оқыс оқиғаларын қолдануға ниеттенбегендіктерін білдіреді.

Соттар нақты бір істерге деген шарттарды ұйғарғанда, олар қолданысағы белгілі шарттарға және соған байланысты контекстіге жүгінеді. Ұйғарынды шарт болуы үшін, ол келісімшарттың тиімділігін қамтамасыз етуге қажетті қисынды және әділ болуы тиіс, сонымен бірге айқын, яғни «өздігінен белгілі» болуы, анық білдіріле алатын болуы және келісімшарттың белгілі шарттарына қарама-қайшы келмеуі тиіс.

Формалдылығы аздау жағдайларда (әсіресе тұтынушыларға қатыстыларында), соттар лицензияның аясы мен табиғаты турасында шешім шығарғанда анағұрлым икемділіктерге барады.

Меншіктің өзге де формалары сынды, авторлық құқықтар да кепілге салына алады, яғни алынған қарызды қамтамасыз ету үшін құқықтардан бас тарту ретінде. Бұл, құқық иелеріне қаржы жинауға мүмкіндік беретін пайдалы техника бола алады. Бұл әсіресе, туындыны жасау тым қымбатқа түсетін кезде кеңінен қолданылды, айталық киноиндустриядағы сынды.

Авторлық құқықтан ары қарайғы қаржы өндіру тәсілі - «Кепілдендіру» деп аталады. Әдетте, кепілдендіру (securitization) бірқатар авторлық құқықтардан алынатын құқықтардың транштарын роялтиға сату дегенді білдіреді, бұны біз Девид Боуидің жазбаларына қатысты танымал мысалдан көре аламыз. Аталмыш қаржылық механизмдердің пайда болуы болашақ пайданы нақты уақтылы капиталға айырбастауға деген қалаудан туындайды, өз кезегінде ол капиталды жаңа жобаларға қайта инвестициялауға мүмкіндік болады.

Авторлық құқық жеке меншік болғандықтан, оның иесі дүниеден өткен соң, ол өзге біреуге не өсиетхат арқылы немесе өсиетхат болмаған жағдайда, қолданылатын ережелерге сәйкес беріле алады. Егер құқықтарды иеленушілердің бірі қайтыс болса, ал олар құқықтарға жалға алушылар сынды ортақ иелік ететіндіктен (біріккен иелікке қарағанда), дүниеден өткен тұлғаның құқықтар бөлігі оның дүние-мүлкімен бірге өзгеге өтеді.

Банкроттық жағдайында, заңға сәйкес, авторлық құқықтар Ресми Қабылдаушы (Official Receiver) арқылы банкрот жағдайындағы сенімгерлік басқарушыға өтеді.

Жалпы алғанда, егер авторлық құқықтар иелері, өздерінің құқықтарын өзгелерге пайдалануға рұқсат бермесе, онда бұл олардың айрықша күзіретіне жатады. Алайда білгеле бір айрықша жағдайларда заң, авторлық құқық иесін туындыны лицензиялауға және «лицензиатты» төлемақыны жасауға мәжбүрлей алады. Мұндай әрекеттер үшін негіз болатын жағдайлар да және құқық иесінің қалауын қабылдамай тастайтын шарттар дә әртүрлі болады. Бұл тектес ережелер «мәжбүрлі лицензиялар» деп аталады. Заңдық тұрғыдан қарағанда, мәжбүрлі лицензиялауды талап ету меншік ережесін жауапкершілік ережесіне айналдырып жібереді. Мәжбүрлі лицензиялау 1988 жылы қабылданған Заңның (CDPA 1988) түрлі ережелеріне байланысты немесе Еуропалық Комиссияның ортақ өкілеттіктері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Біз оларды өз ретімен талқылайтын боламыз.

Мәжбүрлі лицензиялар британ заңы бойынша тек бірнеше арнайы анықталған жағдайларда ғана талап етіледі. Біріккен Корольдікте мәжбүрлі лицензиялау жүргізілетін жағдайлардың аз ғана болу себебі, Ұлыбритания ратификациялаған халықаралық стандарттардың, жалпы алғанда мәжбүрлі лицензиялаумен келіспейтінімен байланысты.

Мәжбүрлі лицензия болатын жағдайлардың шектеулі ғана болуы, тағы бір жағынан, олардың әдетте, толыққанды меншік құқықтарымен салыстырғанда қанағаттанарлықсыз деп қарастырылатынымен байланысты. Бұл, айрықша меншік құқықтарына қарағанда, мәжбүрлі лицензиялардың сипаты мен шарттары белгілі бір административтік процедураларды талап етумен байланысты, өз кезегінде олар қымбат және еркін нарықтағы келіссөздерге қарағанда ұзақ уақытты алады. Мәжбүрлі лицензияның сыншылары, лицензияның құны тек нарықтағы келіссөздер кезінде ғана нақтылана алатынына байланысты пікір айтады. Сонымен қатар, мәжбүрлі лицензиялар авторлық құқық иелерін мәжбүрлі түрде авторлық құқықтарының ең маңызды элементінен, атап айтқанда - саудаласу құқығынан айырады делінеді.

Мәжбүрлі лицензияларды, сонымен бірге, егер авторлық құқықтардың иесі Еуропалық Одақтың қызметі жөніндегі Шарттың (TFEU), «басым позициясына» арқа сүйей отырып құқықтарды «асыра пайдалануға» тиым салатын 102-бабын бұзса, Еуропалық Комиссия да беруі мүмкін.

Алдында айтылып өткендей, Алдында айтып өткеніміздей, дубликатталған көшірмелерді жасау және сату барысында, әдетте авторлық құқықпен қорғалған туындылар қолданылады (бұл жерде дистрибуция



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім
Дәріс: Авторлық құқықтың пайдаланылуы (эксплуатациялануы) және қолданылуы
Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

мен өндіріс процесстерін авторлық құқық иесі бақылайды). Цифрлық технологиялардың және цифрлық репродукцияның пайда болуына байланысты, көптеген авторлық құқық иелері, егер авторлық құқықтың дәстүрлі моделін қолдану осылай жалғасын таба беретін болса, онда құқықбұзушылық тым көбейіп кетеді деп алаңдаулы. Аталған цифрлық көшірмелер мінсіз болатындықтан, бұл, айталық Мұндай технологиялардың таныс мысалы ретінде, жерсеріктік трансляция сигналдарын шифрлауды атауға болады. Олар трансляцияны, тек заңды қызметке жазылған, декодтау технологиясын пайдалауға мүмкіндік беретін карта иелеріне ғана қолжетімді етеді.

Ақпараттық қоғамда технологиялық іс-шаралар маңызды делінеді. Өйткені, құқық иелері қорқатын туындыны көшірмелеу жекелеген түрде орын алатындықтан, оларды қадағалау қиын. Технологиялық шаралар, жеке пайдаланушылар туындыларды пайдаланбас немесе көшірмелемес бұрын келісімшарттық келісімдерді енгізу арқылы жеке пайдалануларды бақылауға мүмкіндік береді. Егер пайдаланушылар авторлық құқық иесімен байланыспаса, онда олар технологиялық құлыптарды ашатын кілттер жиынтығын ала алмайды.

Алайда, авторлық құқықты қолдау үшін технологиялық шараларды қолдану цифрлық дистрибуция мен репликация мәселелерін толығымен шешпейді. Бұл әр құлыпқа бір кілт табылатыны сынды. Сондықтан, технологиялық шараларға арқа сүйегісі келетіндер, оларды айналып өтуге тиім салатын заң қабылдауын өтініп, үкіметтен көмек сұрады. Олардың айтуынша, қазір осындай қолдауға ие болса, авторлық құқықтардың иелерінде осындай жүйелерді құруға деген ынталары болар еді. Егер мұндай заңдық қорғаныс қамтамасыз етілмесе, қорғаныс шараларын айналып өтетін технологиялардың тез тарап кетуіне байланысты, мұндай инвестициялар пайдасыз болмақ. Сондықтан, тез арада қимылдау қажеттігі пайда болды.

1988 жылы қабылданған Заңға (CDPA 1988) енгізілген өзгерістер бойынша, онда тұлға, мүдделі тұлға пайдалануға немесе алуға құқығы жоқ туындыларға қолжетімділікті оңайлататын жағдайларға қатысты көптеген бірқатар азаматтық және қылмыстық ережелер бар.

Өз туындыларын пайдаланғысы келетін авторлық құқық иелерінің алдында тұрған негізгі мәселе, құқықбұзушылықтарды қалай мониторингтеу немесе бақылау мәселесі. Авторлық құқықтың негізгі формасы кітап және оны пайдаланудың негізгі тәсілі басылған көшірмелерді сату болса, мұндай бақылаудың (әдетте баспагер жүргізетін) ерекше сипаты болды және ол нарықтағы әрекеттерді мониторингтеуге тәуелді болатын. Алайда, барынша көбірек нысандарды (оның ішінде әсіресе эфемерлі) және олардың пайдаланылуларын қамту мақсатында, авторлық құқық аясы кеңігеннен кейін, авторлық құқықты мониторингтеу мәселелері де өзгерді.

Коллекторлық қоғамдар, белгілі бір коммерциялық ортаға байланысты құрылған жеке ұйымдар болғандықтан, олардың ұйымдық құрылымдарына нақты бір біріңғайлық тән емес. Дегенмен, ағымдағы қоғамдардың кейбір аспектілерін қарастырып өтуге болады.

Авторлық құқық иесі мен коллекторлық қоғам ара-қатынасына қатысты айтқанда, олардың шарттары мүшелікке өту келісімшартында және қоғамның ережелерінде анықталады. Әрбір коллекторлық компания авторлық құқық иесінің атынан қажетті құқықты беріп, лицензиялай алатындықтан, авторлық құқықтар иесі оларды қоғамға беруі керек немесе қоғамды өзінің агенті ретінде белгілеуі керек. Мұндай құқықтарды берудің немесе агент қызметінің аясы қоғам ұсынатын қызметтерге байланысты болады. Мысалы, PRS ұйымына қосылушы авторлық құқық иесінен драмалық емес орындаушылыққа қатысты «кішігірім құқықтарды» беру талап етіледі; драмалық орындаушылыққа қатысты «басты (немесе гранд) құқықтар» бұған кірмейді және ол бойынша жекелеген келісімшарттар жасалу арқылы басқарылады. Қоғам ережелері, сонымен қатар, мүшелерден, қоғамға кірер кезде әлі де дүниеге келмеген туындыларға қатысты құқықтарды беруді де талап етуі мүмкін. Қоғамға мүшеліктің түрлі категориялары болуы да мүмкін (мысалы, автор-мүшелер және баспагер-шүшелер).

Коллекторлық қоғамдар авторлық құқық пайдаланушыларымен не ассоциация ретінде, не болмаса жекелеген негізде келіссөздер жүргізеді. Көбінесе пайдаланушылар ассоциациясымен келіссөздер нәтижесінде тарифтер белігленеді. Кейде, қоғам мен пайдаланушы арасындағы келісім аясы жай ғана лицензия төлемінен тыс дүниелерді де қамтиды. Кейбір пайдаланушылар ассоциациялары өз мүшелерінің лицензиялық төлемдерді өтегенін бақылайды немесе тарифті төмендету есебінен әкімшілікке көмек көрсетеді.

Практикалық тұрғыдан алғанда, коллекторлық қоғамдар, авторлық құқықтар иесі қажет келісімдерге қол жеткізуде бетпе-бет келетін кейбір қиындықтарды жеңуге көмектесетін ыңғайлы жол. Коллекторлық қоғамдар пайдалы, себебі, олар пайдаланушылар үшін авторлық құқық иелерін табу және өзара әрекеттесуге



мүмкіндік жасайты үйлестіруші орталық сынды қызмет көрсетеді. Коллекторлық қоғамдар, авторлық құқықтардың жекелеген иелерінен жекелеген лицензиялар алу барысында пайда болатын «транзакциялық шығындарды» азайтады. Бұл, пайдаланушы авторлық құқықтармен қорғалған туындылардың үлкен көлемін пайдаланғысы келгенде өте маңызды, себебі, әрқайсына жекелеген транзакция жүргізу қымбат әрі көп құжаттарды талап етер еді. Сонымен қатар, қоғам пайдаланушыға жалпы лицензия берген кезде, ондағы шарттар біршама икемді болады. Мысалы, түнгі клубқа немесе радиостанцияға жалпы лицензия берілсе, демек ол ойнатылатын туындылардың тізімін алдын-ала жасауы керек дегенді білдіреді.

Авторлық құқы иесі үшін, коллективті әкімгершілік, құқықтарды қорғау мен бақылау жүгінен арылтады. Сонымен бірге құқық иелері, жеке тұлға ретінде саудаласу мүмкіндіктеріне де ие. Сонымен бірге, коллективті әкімгершілік түрі, өзге жағдайларда, орындалуы мүмкін еместігіне байланысты қорғалмауы мүмкін, нысанға қатысты құқықтарын кеңейтуге де мүмкіндік берді. Коллекторлық қоғамдардағы ең қызықты нәрсе - олардың қызметі авторлық құқық сипатын айтарлықтай өзгерткенінде. Томас Стритер байқағандай, коллективті әкімгершілік кезінде, авторлық құқық, нарықта сатылып алынған және сатылған көшірмелерді тарату кезінде пайдаланылатын өзінің меншік құқығы ретіндегі сипатын жоғалтады. Оның орнына, авторлық құқық, нарықты статистикалық механизмдер арқылы жандандыруға тырысатын институционалдық бюрократияның құқықтық негізіне көбірек ұқсайды. Әрбір авторлық құқық өзінің жекелеген қасиеттерін жоғалтады және «меншік формасының» орнын жауапкершілік формасы басады. Шындығында, коллекторлық қоғам автор құқығын әлеуметтік төлемдер алу құқығына айналдырады, ал пайдаланушыдан жиналатын лицензиялық төлемдерді - олардың қызметі үшін салықтарына айналдырады.

Бұл ұлттық механизмдер ЕО билігінің және бизнес қысымымен барынша икемді тәсілдерге орын беріп жатыр. Туындыларды нақты бір пайдалану нарықтары барынша трансұлттық бола бастағандықтан, бүкіл ЕО-ға жарайтын лицензиялар енгізуге ұмтылыстар болды (сонда пайдаланушыларға аумаққа байланысты рұқсат алудың қажеттігі болмас еді). ЕО деңгейінде мұндай лицензиялаудың қызмет етуі үшін коллекторлық қоғамдар, туындыларды өздерінің аумақтарынан тыс жерде пайдалануға рұқсат ететін лицензия беруге келісуі керек, айталық, GEMA Біріккен Корольдікте интернет-трансляцияны авторизациялай алуы немесе PRS–For Music Германия үшін тура солай істей алуы керек. Ол Біріккен Корольдікке 2016 жылы, Авторлық құқықтарды ұжымдық басқару (ЕО директивасы) Регламентацияларымен енгізілді. Бұл директива бойынша, музыканы мультиаумақтық лицензиялауды қамтамасыз ететін коллекторлық қоғамдарға, сонымен бірге, төлемдерді жинауды сұрап отырған өзге қоғамның (әрі өзі ондай лицензияларды бермейтін) репертуарын басқару да қажет болуы мүмкін.

Мәжбүрлі лицензияларға барынша ұқсас лицензиялауға, 1988 жылы қабылданған Заңның (CDPA 1988) 116B-бөлімінде лицензиялаушы ұйымдарға авторлық құқықтары ұйымға да, не болмаса оның құрамындағы тұлғалардың ешқайсына да тиесілі емес туындыларға қатысты лицензия беру қарастырылған. Мұндағы идея бойынша, ұжымдық лицензиялау схемалары жұмыс істейтін ұйымдарға туындылардың толық жинағы мен құқықтарына қатысты жалпы лицензияларды беру рұқсат етіледі, сонда пайдаланушылар мұндай қоғамнан лицензия ала отырып, туындыларды сенімді пайдаланады, әрі қоғам мүшесі болатын тұлғалар алдында жекелеген жауапкершіліктерге міндеттелмейді.

Аталған ұсыныс 2014-жылғы Авторлық құқықтар Орындаушылық құқықтары туралы (Аясы кеңітілген ұжымдық Лицензиялар) Регламентациялар арқылы жүзеге асырылады. Шындығында, бұл Мемлекеттік Хатшыға ағымдағы лицензиялау ұжымын аясы кеңейтілген ұжымдық лицензиялауды қолданыстағы туындылардың типтері мен құқықтарына қолдануға өкілеттік беруге мүмкіндік береді. Ұйым Аясы кеңейтілген ұжымдық лицензиялау схемасының нысаны болады деп анықталған туындыларды лицензиялауы керек. Ол өте маңызды болмақ, әрі одан бас тартудың баламалы жолдары да болуы тиіс.

1993 жылы қабылданған Жерсеріктік және кабельдік байланыс жөніндегі директива Авторлық құқық туралы заңның трансляциялардың ретрансмиссиясына қатысты қолданылуын Еуропалық Одақта реттеу және қарапайымдандыруға бағытталған. Мүше-мемлекеттер «бағдарламалар өзге мүше-мемлекеттерден кабель арқылы өз аумақтарында ретрансмиссияланғанда, оларға қатысты авторлық және аралас құқықтардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс» деген талапқа қоса, Директива, трансляцияны ретрансмиссиялауды қалайтын кабельдік операторды авторизациялау немесе авторизациялаудан бас тарту ісі тек коллекторлық қоғам арқылы жүзеге асуын талап етеді.

Осы аталған міндетті ұжымдық әкімгершілік ережесін кеңейту туралы заңнама қазір ЕО заңнамалық органдарының қарауында жатыр. Комиссияның ұсынысы трансляциялардың IPTV сияқты, электрондық байланыстың жабық желілері арқылы ретрансмиссияларын оңайлату үшін параллель ережелердің аясын кеңейтетін болады (мейлі ол кабель арқылы болсын, немесе радиоарна арқылы, не жерсеріктік



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім
Дәріс: Авторлық құқықтың пайдаланылуы (эксплуатациялануы) және қолданылуы
Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

болсын). Жерсерік-Кабель директивасының 9-бабы сияқты, Регламентация да, аталған операторларға трансляцияларды ретрансмиссиялауға қажетті құқықтық рұқсаттарды оңайлатуға бағытталған (және себептен де, құқық иелерін анықтай алатын және құқықтарды барынша жылдам түрде тазалап бере алатын, ретрансмиссияны алғашқы трансляциялаушы жүзеге асырған жағдайда қолданылмайды).

Авторлық құқықтармен алмасу орталығын жасау туралы мәселе Картердің Цифрлық Британия деп аталатын Есебінде көтерілген болатын. 158 Харгривздің шолуынан соң, бұл сұрақ Хупер Есебіне көшірілді. 2012 жылдың көктемінде жарияланған бірінші аралық есепте, авторлық құқықтарды лицензиялаудың «тиімділігі мен нәтижелілігін» арттыру үшін көңіл бөлінуі тиіс мәселелер анықталды; 2012 жылы шілде айында жасалған соңғы есепте «авторлық құқық хабын» ұйымдастыру ұсынылды. Коммерциялық емес компания құрылды. 2013 жылы www.copyrightshub.org web-сайты жасалды. Хабтың негізгі идеясы - онда белгілі бір контентті пайдалану үшін рұқсатты қалай алу керектігі жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз ететін портал (web-сайт) болады, 161 ол өзге де web-сайттармен қосылған. Бастапқыда бұл жерде біріңғай дүкен болады деп ойластырылған болатын және «қолданылуы қарапайым, транзакцияларға деген шығыны аз, ашық лицензиялау» процесі сол портал арқылы жүзеге асады деп көзделген-тін.